

## Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекараларын белгілеу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 383 қаулысы және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/438 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 қаңтарда № 2938 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Түпқараған аудандық мәслихаты мен Түпқараған ауданы әкімдігінің Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекараларын белгілеу туралы ұсынысын қарай келіп, «Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы қаулы мен шешімнің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің жалпы көлемі 3748,8566 гектар болып шекарасы белгіленсін.

2. Маңғыстау облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (Д. Сейбағытов) осы қаулының және шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының және шешімнің орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары **Ә.А. Шөжеғұловқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Айдарбаев*

*Сессия төрағасы*

*М. Ибағаров*

*хатшысы*

*Б. Жүсіпов*

**О б л ы с т ы қ**

**м ә с л и х а т**

**Маңғыстау**

**облысы**

**әкімдігінің**

**2015 жылғы**

**10**

**желтоқсандағы**


**№ 383**

**қаулысына**

**және**

**Маңғыстау**

**облыстық**



масштаб 1:1 000 000

К е л і с і л д і  
Түпқараған ауданының әкімі  
Т . А с а у о в

Түпқараған аудандық  
мәслихат хатшысы  
А . Д о с а н о в а

С . Ш а п а ғ а т о в а уылдық  
о к р у г і н і ң ә к і м і

Ж.Ағжанов

Маңғыстау			облысы		әкімдігінің
2015	жылғы	10	желтоқсандағы	№	383
қаулысына		және	Маңғыстау		облыстық
мәслихатының	2015		жылғы	10	желтоқсандағы
№ 29/438 шешіміне 2 қосымша					

## **Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекараларының сипаттамасы**

Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округі Түпқараған ауданының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Сайын Шапағатов ауылдық округінің батыс шекарасы Каспий теңізінің жағалау желісі бойынша өтеді, солтүстіктен «Жайлау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жерлерімен шектеседі, шығыстан «Ақтау халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының жерлерімен шектеседі, оңтүстіктен Ақшұқыр ауылымен шектеседі. Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің жалпы көлемі 3748,8566 гектарды құрайды.

Ауылдық округ жерінің құрамына кіреді:  
үй маңындағы жер учаскелері бар тұрғын аймақтар – 108,0 гектар;  
жолдар, көшелер, алаңдар – 21,6 гектар;  
ауыл шаруашылық пайдаланудағы жерлер – 3263,0 гектар;  
басқа да жерлер – 356,2566 гектар.